2022 жылдың ақпан айының 2-ші онкүндігіне
қысқаша агрометеорологиялық шолу

Ақпанның бірінші онкүндігінде оңтүстік-шығыстың және республиканың батысының күздік дәнді дақылдар себілген аудандарында температуралық фон нормадан 1...6ºС жоғары, Алматы облысының таулы және тау бөктері аудандарында 1...3ºС төмен болған, жауын-шашын көбінесе нормадан төмен жауған, мол жауын-шашын Алматы облысының таулы және тау бөктері аудандарында байқалған.

Түркістан және Жамбыл облыстарының егістіктерінде қар жамылғысының болмауы қатты аяз кезінде күздік дақылдардың қыстап шығуына әсер етуі мүмкін. Алматы облысында қар жамылғысының биіктігі 9-18 см дейін жеткен, осындай ауа райы жағдайында бұл аудандарда күздік дақылдардың қыстауы қолайлы жағдайда өтуде.

Түркістан облысының Ошақты агропосты мен Шымкент станциясының маңайындағы бақылау учаскелерінде оң ауа температурасының аясында күздік бидай мен жоңышқа шөптерінің қайта өсіп-өнуі басталғаны байқалады.

Алматы облысында күздік бидайдың түптену тереңдігіндегі (3 см) топырақтың минималды температурасы көбінесе 0ºС минус 3ºС дейін, Кеген станциясының маңайында минус 12ºС, Жамбыл облысында минус 4ºС және Түркістан облысында 0ºС минус 1ºС дейін ауытқыған.

Батыс Қазақстан облысында тұрақты қар жамылғысы (28 см) байқалған, бұл қардың біркелкі таралуы кезінде күздік дәнді дақылдардың қысқы төзімділігіне қолайлы әсер етеді.

Ақпан айының екінші онкүндігінде жалпы орын алған ауа райы жағдайлары жайылымда жануарлардың тіршілік етуіне қолайлы болған.

Жайылымдар бірқалыпты және қатты тапталған, шым көбінесе қатқақ және дымқыл, Қызылорда облысының Қармақшы ауданында құрғақ болған.

Шөптердің жағдайы қанағаттанарлық, нашар Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында, Алматы облысының Қаратал ауданында, Батыс Қазақстан облысының Казталов ауданында және Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында.

Онкүндік бойы жайылымдық мал шаруашылығы аумағында қатты жел, боран, мұз қабаты, көктайғақ құбылыстары байқалған, олар жануарлардың тіршілік әрекеті үшін, жайылатын мал басы үшін үлкен қауіп төндіреді.

Мал жаю үшін қиындық тудырған қолайсыз метеорологиялық құбылыстардың салдарынан **жайылмаған күндер саны** Ақтөбе облысында (Нұра станциясы) 7 күнді, Батыс Қазақстан облысында (Жәнібек, Жалпақтал станциялары) 10 күнді, **мал жаю жағдайлары қиындаған** (толық жайылмаған күндер) Қарағанды облысының Ұлытау ауданында (Жетіконұр станциясы) 1 тәулікті құраған.

Қатты бұрқасын немесе қатты жаяу бұрқасын болған күндердің саны Батыс Қазақстан облысында 2 күн, Қарағанды облысында 1-4 күн, Қостанай облысында 7 күн, Солтүстік Қазақстан облысында 1 күн бойы байқалған.

Ұсақ малдардың тұяғы бұза алмайтын, қалың **мұз қабыршығы** Атырау, Қарағанды облыстарының кей жерлерінде және Батыс Қазақстан облысының барлық жерінде байқалған.

Малдың жүруіне қиындық келтіріп, ал шөп мұз қабатының астында қалған **көктайғақ құбылыстары** Ақтөбе облысының жайылымдарында 10 тәулік бойы байқалған.

Қойларды жаюды қиындатқан **қырау, шөп сабақтарының мұздануы** жайылымдық мал шаруашылығының барлық аумағында байқалған.